



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 24/668

12 июня 2020 года

## Вестник

Қала жаналықтар

Рухани жаңғыру

### ОБЛЫС ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҚАЛАМЫЗҒА ЖҰМЫС САПАРЫ



Қаламыздың уақыт өткен сайын жасарып, жақсарып, гүлденіп, түрленіп келе жатқанына қала тұрғындары түгел куә. Қаланың өсіп-өркендеуіне республика

орталық кітапханада, № 1 жалпы орта білім беру мектебінде, «Айналайын» балабақшасында, әлі іске қосылмаған «Родина» СКА стадионында, сондай-ақ РФ ҚК қарасты болып келіп, жалға алынғаннан қайтарылған, қазір бос тұрған бұрынғы «Незабудка» балабақша нысанында болып, Ағыбай батыр көшесіндегі 8-үйдегі жүргізілген абаттандыру жұмыстарымен, қалалық алаңдағы және субұрқақтағы жасалған жөндеу жұмыстарымен танысты.

Жұмыс сапарының соңында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы Нүкенов қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге қаланың өркендеуі және экономикалық-әлеуметтік дамуы барысы



көлемінен бастап, облыстық деңгейге шейінгі құзырлы органдар назар аударып отырғанынан, қаржылай көмектесіп жатқанынан да хабардармыз. Осындай қамқорлық жасалынып, қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы жұмысты тиісінше тиянақты түрде, жоспаға сай әрі сапалы атқарып отырғандықтан, облыс басшылары қаламыздың тыныс-тіршілігінен хабар алып, жай-күйін біліп отыратыны да заңдылық.

Осы аптаның дүйсенбі күні, яғни маусым айының 8-жұлдызында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы Нүкенов мырза біздің Приозерск қаламызға арнайы іссапармен келді және қала әкімінің қабылдауында болғаннан кейін әлеуметтік мекемелер жұмысымен танысты. Бірінші болып «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығына ат басын тіреген лауазымды тұлға «COWORKING ZONE» қарап шықты. Бұдан әрі қалалық

туралы барлық жұмыстар туралы жеке өзінің бақылауында болуы тиіс екенін және білім, спорт және мәдени нысандардың жөндеуін аяқтау жайында тапсырма берді.



Облыс әкімінің арнайы жұмыс сапары қаламыздағы бірқанша жұмыстардың жедел және сапалы жүргізілуіне ықпал ететіні сөзсіз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Приозерск қ.

### «АБАЙ ОҚУЛАРЫ» ҚАЛАЛЫҚ ОНЛАЙН БАЙҚАУЫ ӨТТІ



2020 жылғы 10 маусымда Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Абай атындағы көркемөз оқу шеберлерінің қалалық онлайн байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты - мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту; тіл мәдениетін көтеру; көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру және талантты жастарды анықтау.

«Абай оқулары» қалалық онлайн байқауына барлығы 5 үміткер қатысты. Байқау тапсырмаларына сәйкес, үміткерлер:

- 1) Абай Құнанбайұлының бір өлеңін;
- 2) Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен үзіндіні жатқа оқыды.



Тулчыкова А.Э.,  
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»  
ММ

### «ЖАҢА ӘЛІПБИМЕН ЖАҢА ДӘУІРГЕ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТТІ

2020 жылғы 1 - 9 маусым аралығында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жаңа әліпбимен жаңа дәуірге» тақырыбында қалалық байқау өтті.

Байқауға қаланың мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындарының қызметкерлері қатысты. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты - қоғамда рухани жаңғыру идеяларын көрсететін, жаңа әліпбиді қолдау және қолдану аясын кеңінен насихаттау болды. Бірінші кезеңде қатысушылар латын әліпбиін қолданып диктант жазды.

Байқаудың екінші кезеңінде қатысушылар берілген сөздерді латын графикасында жазды. Ал, ақтық кезеңде кирилл әріп-



терімен берілген мақал-мәтелдерді орфография заңдылығына сүйеніп латын әліпбиінде жазып, тапсырманы орындады.

Байқаудың қортындысы 9 маусым күні жарияланып, әділ қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтады. Әділ-қазылар шешімімен бас жүлде №2 мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Ақжігітова Перизат Қабылбекқызына берілді. ІІ орынды «Балбөбек бөбекжайының» тәрбиешісі Жүзімова Эльмира Бердіқұлқызы иеленсе, ал №2 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Тәнірберген Зәуреш Тәнірбергенқызы ІІІ орынға ие болды. Жүлделі орын алған қатысушылар грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқауға белсене қатысқан үміткерлер алғыс хаттармен марапатталды.

Г. Жұмабаева,  
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері



## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҮР

Қарағанды облысы ТЖ және карантин кезеңінде іскерлік белсенділікті төмендеткен жоқ. Аймақ экономикасы озық қарқынмен дамып келеді. 5 ай аралығында өнеркәсіп көлемі триллион теңгеден асты. Облыста жұмыспен қамтуды қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

Аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек ҚР премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында баяндама жасады. Әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы оң бағаға ие болды. Қарағанды облысы көптеген көрсеткіштер бойынша озық өсу қарқынын қамтамасыз еткен көшбасшылардың қатарында тұрғаны атап өтілді.

- Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оң серпіні қамтамасыз етілді: өнеркәсіпте (103,2%), ауыл шаруашылығында (102,8%),

құрылыста (124,9%), көлік саласында (77,4%), саудада (88,7%). Өнеркәсіптің нақты көлем индексі 103,2% құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10%-ға жоғары, - деді **Жеңіс Қасымбек**.

Өндеу өнеркәсібі барлық сала бойынша өсімді көрсетіп отыр, деп атап өтті ол. Металлургия өндірісінің көлемі 7,7%-ға, машина жасау - 14,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп - 10,6%-ға, құрылыс материалдары - 1,6%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдары - 26,3%-ға, фармацевтика - 3,8 есе өсті.

Дағдарыс жүйе құраушы кәсіпорындардың қызметіне әсер еткен жоқ. Ірі компаниялар тұрақты жұмыс істеуде.

- "АрселорМиттал Теміртау" АҚ жалпақ прокат шығаруды 13,1%-ға арттырды. 5 айда өндіріс 945,2 мың тоннаны құрады. Болат шығару саласында да өсу үрдісі байқалған. Егер наурыз айында тәулігіне 7

мың тонна өндірілсе, маусым айының басынан бері 9 мың тонна өнім өндірілді, - деп хабарлады облыс әкімі.

"Қазақмыс" корпорациясы 5 айда 163,4 мың тонна мыс өндірді. Өсім 17% құрады. Сондай-ақ, алтын мен күміс өндірісі ұлғайды.

Облыс инвестициялық белсенділікті сақтап қалды. Жыл басынан бері инвестиция ағыны 220,6 млрд теңгені құрады. "Алтыналмас" алтын өндіру фабрикасы және "Линде Газ" техникалық газ өндіру зауыты секілді екі ірі жоба жүзеге асырылды.

Маусым айының соңына қарай Ағадыр кентінде күн электр станциясы іске қосылуы тиіс.

Жыл соңына дейін облыста 3 500-ден астам жұмыс орнын құруды қамтамасыз ететін 239 млрд теңге сомасына 16 жобаны іске қосу жоспарлануда. 2020 жылдың



соңында өткен жылмен салыстырғанда 30 млрд теңгеге өсіммен 830 млрд теңге инвестиция жұмылдырылады деп болжанауда.

Облыста қолжетімді тұрғын үй құрылысы да ұлғайды. 5 айда 171,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2020 жылы өткен жылдың деңгейіне қарағанда 21% өсіммен 500 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

«Приозерск к. ІС, МЖТД бөлімі» ММ

<https://ortalyq.kz/>

### Қоғамға төнген қауіп

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ТЕЖЕУ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы, және ол жетістіктерді жоққа шығаратындығы, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемі мен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым.

көтеріледі. Мұндай кезеңдерде жемқорлықтың шабуылын жеңілдететін мәселелер – экономиканың құлдырауы, азаматтық қоғамның билікке тәуелділігі, мемлекет институтының тиімсіздігі, заңнамалардың пәрменсіздігі тереңдей түседі. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға кірісу алдында оны туғызатын әлеуметтік – экономикалық жағдайларды барынша азайту қажет. Жемқорлыққа қарсы әрекет етудің, оның көріністерімен күрес жүргізумен аяқталмайтынын ұғыну аса маңызды. Мұндай күрес қашан да қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жақтарын реттеп отырумен тығыз байланысты. Осыдан келіп, жемқорлардың өз күштері арқылы жемқорлықпен күрес жүргізуі барып тұрған мағынасыздық деген келесі қорытынды туындайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер

### Мемлекет басшысының мәлімдемесі

## БЕРЕКЕ БАСЫ – БІРЛІКТЕ

Үстіміздегі жылғы 27-сәуір, дүйсенбі күні мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына анрап мәлімдеме жасады.

«Тағы да қайталап айтамын: қазіргідей күрделі кезде әрбір азамат біздің назарымызда болады. Мемлекет ешкімді қиындыққа қалдырмайды. Баршаңызға белгілі, Қазақстан халқы 16-наурыздан бастап төтенше жағдай режиміне көшті» деп мәлімдемесін бастаған ол – осынау қиынқыстау кезеңнің жұртшылыққа оңай тимеген, кейбір азаматтардың жұмыстарын уақытша тоқатуына байланысты жалақылыран айрылып, отбасыларына кіріс кірмей қалғанын тілге тиек етті. Расымен де, қарапайым халық күн көзі жылытырап, көктем кірісімен көптеген тірліктерін – егін егу, бақша баптау, қазақтың әдетімен той-томалақ жасау секілді жұмыстарын күн жылына бастаған кезге алдын-ала жоспарлап, соған қарай әрекет етеді. Ел Президенті бұған өзінің де алаңдайтынын білдірді.

қалу қажеттілігін, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықтың табысын сақтау үшін де арнайы шаралар қабылданып жатқанын баяндады.

Осы күнге шейін еліміз бойынша 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетілген. Барлығы болып 1,1 миллионнан астам адамға азық-түлікпен көмек көрсету жоспарланған. «Біргеміз» атты Елбасы қорынан осы мақсаттар үшін арнайы қор құрылған және азық-түлік тапшылығы жоқ екенін білдірді. Осы кезге дейін жұмысынан уақытша айрылған азаматтарға төленіп келген 42 500 теңге әлеуметтік көмек мамыр айында да жалғасын таппақ. Сонай-ақ Президент бүгінгі таңдағы төтенше жағдайдың халықтың қауіпсіздігін мейлінше сақтау үшін мамыр айының 11-жұлдызына дейін жалғасатынын жеткізді. Елді жел сөзге, жалған ақпараттарға сенбей, тек қана ресми мәліметтерге құлақ асуға, лажа барынша үйде болуға шақырды. Заңға сәйкес 11-мамырда төтенше жағдай мерзімі



«Адами тұрғыдан мен мұны түсінемін. Қауіпті вирус Қазақстанда кең жайылып кетпеуі үшін осындай күрделі, бірақ аса қажет шешім қабылдадым. Соның арқасында індет жаппай тараған жоқ», - деді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да, халықаралық сарапшылар да Қазақстанның іс-қимылын оң бағалап отырғанын жеткізе отырып, елімізде қатаң карантин шаралары енгізіліп, қоғамдық көліктің жұмысы тоқтатылғанын, мекемелер мен кәсіпорындардың басым бөлігі қашықтан жұмыс істеу режиміне көшкенін, көшелер мен тұрғын үйлер дезинфекцияланып, науқастарға дәрігерлік көмек көрсетіліп жатқанын, соған қарамастан кейбір аймақтарда індет шарықтау шегінен асып кеткенін, бүгінгі таңдағы ең басты міндет – азаматтарымыздың денсаулығын сақтап, өмірін қорғап

аяқталмақ. Еліміз тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жанкештілік танытып жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарының өкілдеріне және әскери қызметшілерге өзінің алғысын айтты.

«Бұл дағдарыс бірлігі бекем, елін сүйетін отаншыл жұрт екенімізді көрсетті. Қашанда осылай ұлт болып ұйыса білсек, барлық мақсатымызға қол жеткіземіз. Оған ешқандай күмән жоқ. Елдің қамы үшін бастаған ісіміз қайырлы болады деп сенемін! Халқымыз «Береке басы – бірлікте» дейді. Жұдырықтай жұмылсақ, кез-келген қиындықты жеңеміз! Біз біргеміз» деп аяқтады Қ.Тоқаев өзінің халыққа арнаған мәлімдемесін.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

„Зерно невидимо в земле, а только из него вырастает огромное дерево. Так же незаметна мысль, а только из мысли вырастают величайшие события жизни человеческой.“

Лев Николаевич Толстой

<p><b>ПАРА АЛУ – БҮЛ ҚЫЛМЫС</b></p> <p><b>АЙЫППЫҒАЛ</b> (1 501 400 теңге көлемінде)</p> <p><b>АЙЫППЫҒАЛ</b> (параның 50 еселенген сомасы мөлшерінде) немесе <b>БАС ВОССТАНДЫРЫҒЫНАН АЙЫРУ</b> (мүлкі тәртілінің, 15 жылға дейінгі мерзімге)</p>	<p><b>ПОЛУЧЕНИЕ ВЗЯТКИ – ЭТО ПРЕСТУПЛЕНИЕ</b></p> <p><b>ШТРАФ</b> (в размере 1 501 400 теңге)</p> <p><b>ШТРАФ</b> (в размере 50 кратной суммы взятки) либо <b>ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ</b> (сроком до 15 лет с конфискацией имущества)</p>
<p><b>1424 call centre</b></p> <p>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ 03 070 нөмірімен 236 300 нөміріне дұрыс соманы құрайды</p>	<p><b>1424 call centre</b></p> <p>ПОШРЕННЕ ЗА СООБЩЕНИЕ О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СОСТАВЛЯЕТ 03 070 нөміріне 236 300 нөміріне</p>

Әрбір қоғам дамуының күнегей жағымен көленкелі тұсы да қатар жүретіндіктен елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсінуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан – бұрынғы кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Экономикалық және қоғамдық негіздерін жаңғырту, түбегейлі өзгертулер тұсында сыбайлас жемқорлық қашан да қоғамға қауіп төндіретіндей дәрежеге

қамтамасыз ету қажет. Приозерск қалалық қазынашылық басқармасында да бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде. Тұрақты түрде семинарларда қызметкерлер бірігіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы оқып тұрады. Басқармада сенім телефоны бар. Абырой болғанда, неше жыл бойы сенім телефонына түскен шағымдарды тіркейтін журналда бір де бір телефон шалу тіркелген жоқ. Азаматтардан, заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметкерлердің атқарып отырған жұмыстарына шағым түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мемлекеттік қызметкерлердің мәселесі ғана емес – бүкіл Қазақстандықтардың азаматтық борышы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей кез-келген азамат соған ат салысса, сыбайлас жемқорлықты түбірімен жоюға болады.

**З.Е. Дүйсенова,**  
Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары





COVID-19

COVID-19

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА 400-ДЕН АСТАМ НЫСАН САНИТАРЛЫҚ РЕЖИМДІ БҮЗҒАН

Карантиндік шаралар жеңілдетілгенмен, Қарағанды облысында санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы қатаң бақылауда. Облыстың барлық елді мекендерінде дезинфекциялық жұмыстар жоғары түрде жүргізіліп келеді. Қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердегі алдын алу, бақылау шаралары да күшейтіле түсті. Ірі сауда орындары мен мекемелердің де санитарлық талаптарға жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздікті күшейткені де анық байқалады.

Облыстың бас санитарлық дәрігерінің қаулысында COVID-19 бойынша шектеу шараларымен қатар, жұмысына кіріскен бизнес өкілдері вирус жұқтырудың алдын алу үшін үшін «не істеп, не қою» керектігі егжей-тегжейлі жазылған. Дүйім жұрттың назарына ұсынылған бұл құжатта көрсетілген талаптарға бой ұсынсақ, вирустан түбегейлі құтылмасак та, күн ысығанда тұрғындардың індеттен аман болары сөзсіз.

Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ». Осы мақсатта облыс бойынша COVID-19 бойынша шектеу шаралардың орындалуын қадағалайтын 65 мобильлік топ құрылған болатын. Құрамында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің мамандары, полиция қызметкерлері, облыстағы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері бар бұл топтың негізгі міндеті – бас санитарлық дәрігердің «Карантин жайлы және Қарағанды облысы аумағында карантин шараларын одан әрі жеңілдету туралы» қаулысында көрсетілген шектеу шараларының орындалуын қадағалау. Күн-түн демей, залалсыздандыру шараларының орындалуы мен санитарлық нормалардың сақталуының күзетінде жүрген топ мүшелері режим бұзғандарға қатаң әкімшілік санкциялар қолданып та үлгерген. Одан бөлек, аталмыш топ ортақ тәртіпке бағынбаған бизнес өкілдерінің қызметін тоқтатуға да қауқарлы.

Облыста 100 балабақшада кезекші топтар, 12 коррекция кабинеттері жұмысын бастайды. Одан бөлек, 8 маусымнан қосымша білім беру нысандары, балалар

мен ересектерге арналған даму орталықтарының жұмыстары жанданады. Мекемелерде санитарлық талаптар сақталмай, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізбегендер болса, заң аясында жазасын да алады. Бұл үшін «Әкімшілік құқықбұзушылық» туралы кодекстің арнайы бабы да бар. «Төтенше жағдай режимін бұзу» деп аталатын 476-бапта мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзғанға немесе талаптарын орындамағанға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салына-тыны не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынаыны жазылған.

Жазаның қатаңдығына, айыппұл мөлшерінің ауқымдылығына қарамастан, жаза басып, мобильдік топтың құрығына іліккендер де жоқ емес. Осындай нысандар бойынша полиция органдары соттың қарауына 406 іс тапсырған. Оның 111-і соттың шешімімен қызметін тоқтатса, 265-і 10 айлық есептік көрсеткіші көлемінде айыппұл төлейді. Ал, 9 нысан ескерту алған. Ал, қалғандары сот үкімін күтуде.

Облыста коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайлары толастаған жоқ. Осыған байланысты қалаішілік жолаушы тасымалымен айналысатын қоғамдық көліктерде де санитарлық режимнің қатаң қадағалануы – басты назарда. Бүгінгі күнге дейін тексерістен өткен 508 автокөліктің 505-і залалсыздандыру құралдарымен салон ішін өңдеп, жолаушылар да, жүргізушілер мен кондукторлар да бетперде киетіні анықталды. Қалған үшеуіне ескерту жасалды. Егер кемшілік кайталанатын болса, олардың халыққа қызмет көрсетуіне тыйым салынады.

Әлбетте, вирус қолға ұсталмайды, көзге көрінбейді. Дертке шалдығып, сан соғып қалмау үшін әркімнің сақтық шараларын ұстануы – аса маңызды. Бір адамнан басталып, дүйім жұртқа таралатын індетті қатаң тәртіптің ғана және алатынын өзге елдердің тәжірибесі дәлелдеді. Бас санитарлық дәрігердің карантин жағдайындағы шектеу шараларына қатысты қаулысының қапысыз орындалуы – құзырлы мекемелердің ғана емес, облыстың әр тұрғынының тікелей міндеті.

Салтанат ГЛИЯШ

## В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЧУТЬ БОЛЕЕ 400 ОБЪЕКТОВ НАРУШИЛИ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ

В 100 детских садах региона начали работать дежурные группы для детей, чьи родители вышли на работу после снятия режима чрезвычайного положения.


Кроме того, открылись 12 коррекционных кабинетов, а с 8 июня возобновлена деятельность объектов дополнительного образования и развивающих центров для детей и взрослых. Об этом сообщили в департаменте контроля качества и безопасности товаров и услуг Карагандинской области.

В целях обеспечения выполнения мероприятий по коронавирусу COVID-19 было сформировано 65 мобильных групп, в состав которых вошли санэпидемиологи, сотрудники правоохранительных органов, палаты предпринимателей «Атамекен», а также представители местных исполнительных органов. Эти группы осуществляют контроль за соблюдением дезинфекционных мероприятий как в дневное, так и в ночное время. За выявленные нарушения и несоблюдение дезинфекционного режима проверяющие применяют жесткие административные санкции вплоть до приостановления деятельности.

В ходе рейдовых проверок мониторинговые группы посетили уже 7 934 объекта. Ими были выявлены нарушения в работе по соблюдению санитарно-гигиенических и дезинфекционных мероприятий на 406 объектах. По данным фактам органами полиции дела переданы на рассмотрение в судебные органы. В результате 111 нарушителям был назначен административный арест, 205 отделались штрафом в 10 МРП, еще 9 выдано предупреждения. На рассмотрении в суде находится одно дело, 20 административных дел не рассмотрены по причине завершения ЧП на территории страны.

После снятия режима чрезвычайного положения в связи с возобновлением

деятельности объектов торговли, промышленности, общепита и сферы услуг мониторинг продолжился. За это время были выявлены нарушения на 10 объектах, по



данным фактам органами санитарной службы дела также переданы на рассмотрение в судебные органы.

Повсеместно продолжается разъяснительная работа с населением и на объектах всех форм собственности.

В связи с продолжением регистрации заболевания КВИ среди населения был усилен контроль по проведению обработки и соблюдению санитарно-дезинфекционного режима на внутригородском общественном транспорте по перевозке пассажиров. Мониторинговые группы проверили 508 автобусов и маршруток, из них на 505 была проведена обработка с применением дезинфицирующих средств, а водители, кондукторы и пассажиры соблюдали масочный режим. Трое водителей, в салонах которых были зафиксированы нарушения, предупреждены о соблюдении и исполнении требований постановления главного санитарного врача.

В связи со смягчением карантинных мер на территории области и вновь созданными мобильными группами с 18 мая 2020 года вручены постановления 8 856 объектам.

Светлана Свич

### Рухани жаңғыру аясында

Дана халқымыз «Қалжалы бала – батыр, қалжасыз бала – қалжыр», «Қалжалы әйелден олжалы ұл өседі» дейді Сәби дүние есігін ашқан сәттен бастап қазақтың сан түрлі салт-дәстүр, жөн-жоралғылары басталады. Соның бірі салтымызда кездесетін «қалжа» деген ұғым. Нағыз қазақи ортада, ауылда өскен біз бұл сөзге қанығып, мәнісін біліп өсіп-жетілдік. Анамыз, жеңгелеріміз босанғанда жілікке қарық болып қалатынбыз. Дүниеге сәби әкелу оңай емес. Әйелдің бар күш-қуаты азайып, әлсіреп қалады. Сондықтан қазақ халқы жас ананы ерекше күтімге алған. "Жас босанған әйелдің тісі әлсіз болады, түсіп қалуы мүмкін" деп суық ас жегізбеген. Қырық күн бойы қалжаның етін жегізіп, сорпасын ішкізген. Жақсы қалжалаған келіннің сүйектері қақсамай, тістері түспей, күш-қуатын жинап, алты күннің ішінде үй тіршілігіне араласып кеткен. Қалжа келіншектің күйеуінің мойнындағы міндеті саналғанымен, оны келіннің төркіні де әкеледі. Қалжаның күнделікті жейтін еттен басты айырмашылығы – ол жас босанған ана мен баланың сыбағасы.

Қалжа жеген ананың сүті де нәрлі, құнарлы әрі жеткілікті болады. Сәбидің де, ананың да ұйқысы жақсарады. Бірінші күні келін қалжаға сойылған қойдың алты буыннан тұратын мойын омыртқасын тісін тигізбей, қолмен мүжиді. Еттен тазарған жұлынды тік таяқшаға кигізіп, баланың мойны тез қатайсын деген ырыммен керегенің басына ілген. Ынжық, қорқақ немесе қолынан іс келмейтін, күрес болғанда оған қатыспай қашқалақтайтын балалар мен жігіттерге үлкен кісілер мұқатып: «Немене,

сенің шешен қалжа жеген бе?», - деп ұрысып отыратынды. Осындай намысқа тиетін сөз естімеу үшін біз де өзіміздің мықтылығымызды көрсетіп қалуға тырысатынбыз. Қалжаның осындай тәрбиелік мәні де бар.

Кейбір өңірлерде қалжаны келін төркіндері әкелген. Сол секілді ағайын-туыс, дос-жарандар да қарап қалмаған. «Қалжасы үзілмесін», - деп қуанышқа қойын өңгеріп келеді екен. Өйткені бір әулетке ұрпақ сүйгізіп, айналасын қуантып отырған анаға арналған бұл дәстүрді жасау сауабы зор әрі абыройлы іс делінген. Ана мен баланың былайғы жерде дән сау, көзі қара болуы қалжаға тікелей байланысты болған. Бүкіл мүше-мүшесі салдырап жатқан әйел күнде күйлі қойдың жас сорпасын ішіп, етін жеген сайын күш-қуаты қалпына келіп, белі бекиді. Кездейсоқ кезігетін түрлі ауру-сырқауға қарсылық қуаты артады, сүті нәрленіп, құнарланып балаға жұғымды әсерін береді. Сәби күн санап ет алып, ширай түседі. Әйелдің денесіндегі ұйыған, қатқан қан, артық тұз секілділер термен шығып, бойы тазарады, көңілі сергиді, өңі ашылып, ажарланады.

Қазір жас келінге жаңа сойылған қойдың етін қырық күн жегізіп, ыстық сорпа ішкізетін отбасылар некен-саяқ. Қазіргі қалжа бір күндік тоймен шектеледі десек артық айтқандық емес. Келіннің төркіні әкелген еркек қойды сойып, әйелдер жағын қалжа тойға шақырады. Бұған қоса, келіннің туған-туыстары құр қол келмей, қалта жасап әкеледі. Осынау ата салтымызды сақтап келе жатқан біздер де мүмкіндігінше қой сойып, келін-

## ҚАЛЖАЛЫ БАЛА – БАТЫР...

дерімізді қалжалатып отырамыз.

Қалжадан өзге салт-дәстүрімізде сәбиге байланысты келесідей ырымдар бар: Құрсақ той – жас келіншектің жүкті болғаны белгілі болса, оның абысындары мен қайын сіңілілері сол үйге ошаңа құрсақ тойын жасатып, аман-сау босануына тілек білдіреді. Қазақ ғұрпы бойынша бала біткен келіншекті «күмәнді», «аяғы ауыр», «ішінде көжесі бар» деп тұспалдап айтады.

Қазанжарыс – әйел босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып жарысады. Халық ұғымы бойынша туылатын бала «қазан жарысқа қатысып» одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

Шілдеhana – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық той. Мұнда «баланыздың бауы берік болсын» деген тілектер айтылады. Шілдеhanaға шақырумен де, шақырысыз да бара береді. Шілдеhana – өмірге адам келгеннің, және оған қуанудың бір белгісі.

Тымаққа салу. Ел арасында «шала туып тымаққа салып өсірген екен» деген сөздер жиі естіледі. Халқымызда әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып ба. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлуге ыңғайлы болады. және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем блса керегенің қырықшыны басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған сәбидің рәсімдері жасала береді.

Айталы, ат қою, бесікке салу т.б. Тыштырма. Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты», «тышты» деп



ырым жасайды және оны тыштырма деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер ырымдап бөлісіп алып, бала-шағасына үлестіріп береді. Мойнына бұршақ салу. Баласыз адамдардың мойнына көгеннің бұршағын салып құдайдан ұрпақ тілеу ертеден келе жатқан әдет. Бұл тағдырға мойын ұсынып, тәңірге шын беріліп, оның барлық әміріне көнудің және ак тілеудің белгісі.

Осындай ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, біліп жүруі үшін газет бетіне жариялап отыруды жөн санаймыз. Көзі қарақты оқырмандарымыздан өздері білетін осындай ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ой-пікірлерімен бөлісулерін өтінеміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ В РЕЛИГИОЗНОЙ СФЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**В Конституции Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы.**

В число обозначенных свобод входит и свобода на исповедование или неисповедование религиозных учений. На сегодняшний день в нашей республике в правовом поле официально действуют 18 конфессий, представленных более тремя с половиной тысячами религиозных организаций. Это и исламские, и христианские, и неиндуистские, а также многие другие конфессии, которые и обеспечивают религиозное многообразие в нашей стране, о коем нередко говорится в официальных докладах и заявлениях на самом высоком уровне.

В силу того, что в нашей стране есть множество представителей различных религий, по инициативе президента страны Н.А.Назарбаева в Казахстане проведено шесть Съездов лидеров традиционных и мировых религий. Каждое из данных мероприятий было посвящено обсуждению актуальных проблем человечества, а также путей их разрешения и участия в их разрешении представителей религиозных объединений.

Одним из постоянно обсуждаемых вопросов является деятельность различных организаций, которые под прикрытием религиозных идей, приносят вред здоровью и благосостоянию людей по всему миру.

Из подобных организаций на сегодня самой известной во всем мире является «Исламское государство» (запрещенная судом в РК), в ряды которого были завербованы граждане многих стран, в том числе и казахстанцы. Наряду с ИГ, в Республике Казахстан запрещены еще 20 организаций, признанных судом РК экстремистскими и террористическими:

1. «Аль-Каида»;
2. «Исламское движение Восточного Туркестана»;
3. «Исламское движение Узбекистана»;
4. «Курдский Народный конгресс»;

5. «Асбат аль-Ансар»;
6. «Братья мусульмане»;
7. «Движение Талибан»;
8. «Боз гурд»;
9. «Жамаат моджахедов Центральной Азии»;
10. «Лашкар-е Тайба»;
11. «Общество социальных реформ»;
12. «Хизб-ут-Тахрир»;
13. «АУМ Синреке»;
14. «Организация освобождения Восточного Туркестана»;
15. «Исламская партия Туркестана»;
16. «Джунд-аль-Халифат»;
17. «Сенім. Білім. Өмір»;
18. «Таблиги джамагат»;
19. «Ат-такфир уаль-хиджра»;
20. «Фронт ан-Нусра»;

Для всех них характерно то, что деятельность данных организаций тем или иным путем направлена на подрыв национальной безопасности РК. Некоторыми из данных организаций, начиная с 2011 года, были организованы террористические акты в нашей стране, повлекшие человеческие жертвы. А деятельность других принесла вред физическому и психическому здоровью граждан посредством каких-либо практик.

Кроме вышеперечисленных организаций в Казахстане запрещена деятельность еще двух организаций, чья деятельность была связана с «духовностью». Это, запрещенная в 2008 году организация «Аллы-Аят» Фархата Абдуллаева (Фархатовцы), и запрещенная в 2008 году организация «Ата жол» (Ак жол, Орда в РФ) за подрыв безопасности государства посредством нанесения вреда здоровью населения Казахстана. Судом было доказано, что практики данных организаций (лечебные практики, специфические практики общения с духами) крайне вредны для здоровья. Не смотря на запрет и пресечение деятельности данных организаций, они все еще действуют нелегально не только в РК, где были основаны, но и по всему СНГ.

Сказать, что данные объединения совершенно не связаны с религиозными учения-

ми нельзя. Напротив, как правило, у подобных организаций существует свое особенное вероучение. В данном случае можно использовать понятие «деструктивное религиозное течение» и «деструктивное идеологическое течение», существующее в научной и юридической практике и внесенное на рассмотрение в числе поправок и дополнений к нынешнему законодательству РК.

За основу в таких деструктивных религиозных течениях может братья учение любой мировой религии и интерпретироваться, искажаться в соответствии с политическими или корыстными мотивами основоположников этих самых течений.

Одной из актуальных проблем в сфере религии Казахстана является распространение учения «Салафизма», о негативном влиянии которого отметил экс-Министр по делам религий и гражданского общества РК Н.Ермекебаев: «Салафизм имеет деструктивный потенциал (прим. автора: салафиты осуждают местные традиции, принцип светскости и многое другое) и неприемлем для Казахстана... Мы считаем, что зрелое и мудрое казахстанское общество способно без законодательного запрета не допустить распространения этого чужеродного течения для нашей страны».

На сегодняшний день государством принимаются все необходимые меры по сохранению стабильности в религиозной сфере, укреплению межконфессионального согласия и толерантности в обществе, а также по формированию иммунитета населения к идеологии религиозного экстремизма в любых его формах и проявлениях. Более того, была утверждена Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы. Ведь противостоять новым вызовам и угрозам современности возможно только обеспечив полную безопасность всего общества и каждого человека.

В связи с напряженной религиозной ситуацией в отдельных зарубежных странах, активизацией экстремистских и террористических организаций в мире, присут-

### О профилактике религиозного экстремизма

вует риск попадания граждан страны под влияния экстремистских идеологий. В том числе молодые люди, которые еще не сформировались как личности, являются более подверженными влиянию радикальной идеологии. В этой связи, вопрос противодействия экстремизму остается одним из приоритетных направлений внутренней политики государства.

Работа по противодействию распространения экстремистской идеологии идет сегодня целенаправленно, прежде всего, посредством пропаганды идей образованности, трудолюбия, духовно-нравственного воспитания молодежи. Внедрение в сознание населения принципов светскости, чувства долга и патриотизма, содействие формированию социальной стабильности, укрепление межэтнического и межконфессионального согласия – все это является задачами нашего общества.

Для достижения поставленных целей по обеспечению общественной безопасности претворяются в жизнь различные государственные инициативы: создаются узко специализирующиеся органы (антитеррористический комитет, научные центры по вопросам религии и пр.), вносятся изменения в основной закон, регулирующий религиозную сферу в стране, проводится информационно-разъяснительная деятельность среди населения. Также была утверждена Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2018 – 2022 годы.

В конечном счете можно сказать, что только при комплексной реализации всех этих направлений по борьбе с экстремизмом и активном участии самого населения страны возможно добиться значительных успехов.

**А.Ю.Антипин,**  
старший научный сотрудник отдела исследования религиозных объединений РГУ «Научно-исследовательский и аналитический центр по вопросам религии» КОС МОР РК  
по заказу ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск»

### Уважаемые жители города Приозерск!

С целью профилактики инфекционных и паразитарных заболеваний в период купального сезона рекомендуем Вам организовывая свой отдых на пляже, необходимо помнить о соблюдении простых, но эффективных правил безопасности:

- Ходите по песку только в пляжной обуви.
- На малышей обязательно надевайте купальные костюмы и не позволяйте им бегать по пляжу без нательного белья.
- Пейте только бутилированную воду, продукты питания которые упали на песок, их следует снова тщательно помыть.
- После посещения пляжа обязательно примите душ, а плавки, купальник, полотенце

постирайте с использованием бытовой химии.

-Берите с собой антисептические средства, чтобы обработать руки или полученные ссадины.

-Рекомендуется не ложиться на песок - пользуйтесь полотенцами, ковриками, шезлонгами, а также не стоит закапываться в песок, что особенно опасно при наличии на коже ранок или ссадин.

-В случае, если по возвращению с пляжа Вы или Ваш ребенок почувствовали себя плохо, обязательно вызовите врача.

**Онербекова Г.С.**

Приозерское городское управление контроля качества и безопасности товаров и услуг

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Джалханова Мухтара Жалкасовича, умершего 28 декабря 2019 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

### Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш бутик "Золушка", расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации "Сибрское здоровье".

Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения

местной газеты "Приозерский вестник".

Контактный телефон: 8-777-103-8589

Интаграмм: zolushka\_kor



### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107. Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час. Выходной - Понедельник

Занесите по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Анталлий), 8-747-970-25-81 (Карлыгаш). На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)



### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15, Заказ № 24/668. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041